



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар
Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар
4-бөлім

**ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА ҮШІН АРНАЙЫ ҚАСИЕТТЕРІ БАР
ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН
ҚҰБЫРЛАР**

Трубы стальные бесшовные для работы под давлением
Технические условия поставки
Часть 4

**ТРУБЫ ИЗ НЕЛЕГИРОВАННОЙ И ЛЕГИРОВАННОЙ СТАЛИ СО
СПЕЦИАЛЬНЫМИ СВОЙСТВАМИ ДЛЯ ПОНИЖЕННОЙ
ТЕМПЕРАТУРЫ**

(EN 10216-4:2013 Seamless steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 4: Non-alloy and alloy steel tubes with specified low temperature properties, IDT)

ҚР СТ EN 10216-4-2015

Осы ұлттық стандарт EN 10216-4:2013 еуропалық стандартының ұқсас көшірмесі болып табылады және СЕН рұқсатымен қабылданды,
мекенжайы: Марникс даңғ., 17, В-1000 Брюссель

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар
Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар**

4-бөлім

**ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА ҮШІН АРНАЙЫ ҚАСИЕТТЕРІ БАР
ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН
ҚҰБЫРЛАР**

(EN 10216-4:2013 Seamless steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 4: Non-alloy and alloy steel tubes with specified low temperature properties, IDT)

ҚР СТ EN 10216-4-2015

**Осы ұлттық стандарт EN 10216-4:2013 еуропалық стандартының ұқсас
көшірмесі болып табылады және CEN рұқсатымен қабылданды,
мекенжайы: Марникс даңғ., 17, B-1000 Брюссель**

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

**1 «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы
ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасының инвестиция және даму бойынша
министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының
2015 жылғы 30 қарашадағы № 248-од бұйрығымен БЕКІТІП
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт EN 10216-4:2013 *Seamless steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 4: Non-alloy and alloy steel tubes with specified low temperature properties* (Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат құбырлар. Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар. 4-бөлім. Төмен температура үшін арнайы қасиеттері бар легирленбеген және легирленген болаттан жасалған құбырлар) еуропалық стандартына сәйкес келеді.

Осы стандарт ZA қосымшасында келтірілген, ЕО Директивасының(ларының) маңызды қауіпсіздік талаптарын іске асырады.

Еуропалық стандартты ECISS/TC 110 Болат құбырлар, болат және шойын фитингтер техникалық комитеті дайындады.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Олардың негізінде осы стандарт дайындалған (әзірленген) және сілтеме берілген еуропалық стандарттардың ресми даналары Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар.

Еуропалық стандарттың ресми нұсқасында келтірілген жеке фразалар, терминдер, мемлекеттік және орыс тілдерінің нормаларын сақтау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылу ерекшеліктеріне байланысты, өзгертілген немесе синоним сөздермен алмастырылған.

Ұлттық, мемлекетаралық стандарттардың сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер В.А. қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік деңгейі – бірдей (IDT).

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2022 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгертулер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіште, өзгертулер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланатын болады. Осы стандарт қайта қаралған (алмастырылған) немесе күші жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланатын болады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

Мазмұны	IV
1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілеулер	4
5 Жіктеу және белгілеу	4
6 Сатып алушыларға ұсынылатын деректер	4
7 Дайындау процесі	5
8 Талаптар	7
9 Сәйкестікті бағалау	16
10 Сынамаларды іріктеу	18
11 Тексерістік сынақтар әдістері	20
12 Таңбалау	24
13 Қорғау	25
А қосымшасы (акпараттық)	26
ZA қосымшасы (акпараттық)	27
Библиография	28

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЯТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Қысыммен жұмыс істеуге арналған жіксіз болат кұбырлар
Жеткізу жәніндегі техникалық шарттар**

4-бәлім

**ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА НШН АРНАЙЫ ҚАСИЕТТЕРІ БАР
ЛЕГИРЛЕНБЕГЕН ЖӘНЕ ЛЕГИРЛЕНГЕН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН
ҚҰЫРЛАР**

Енгізілген күні 2017-01-01**1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт легирленген және легирленбеген болаттан дайындалатын, төмен температуралар кезінде дәл белгіленген қасиеттері болатын дөңгелек кимадағы жіксіз құбырларға сынаулардың екі категориясы үшін жеткізілімнің техникалық шарттарын белгілейді.

Ескертпе - Осы стандарт Еуропалық одақтың Ресми журналында (OJEU) 97/23/ЕО Директивасына сәйкес жарияланғаннан кейін, 97/23/ЕО Директивасының қауіпсіздігіне қойылатын міндетті талаптарға сәйкестік презумпциясы (ESR) осы стандарт материалдарының техникалық деректерімен шектеледі және материалдың жабдықтың нақты бірлігі үшін жарамдылығын болжамайды. Салдар ретінде, жабдықтың нақты бірлігінің жобалық талаптарының қысымдық жабдық туралы ЕО Директивасында келтірілген жабдықтың қауіпсіздікке қойылатын міндетті талаптарына сәйкестігіне қатысты материалдарға осы стандартта келтірілген техникалық деректерді бағалауды, қысымдық жабдықты жобалаушы немесе әндіруші орындайды; сондай-ақ негізгі материалдардың қасиеттеріне әсер етуі мүмкін, келесі әндірістік процестерді ескеру қажет.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Даталанбаған сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданады:

EN 10020 Definition and classification of grades of steel (Болат маркаларын анықтау және жіктеу)

EN 10021 General technical delivery conditions for steel products (Болаттан дайындалған бұйымдарды жеткізудің жалпы техникалық шарттары)

EN 10027-1 Designation systems for steels - Part 1: Steel names (Болаттарды белгілеу жүйесі - 1 бәлім: Болат маркаларының атауы)

EN 10027-2 Designation systems for steels - Part 2: Numerical system (Болаттарды белгілеу жүйесі - 2 бәлім: Нәмірлеу жүйесі)

EN 10052, Vocabulary of heat treatment terms for ferrous product (Темірден дайындалған бұйымдарға арналған термиялық әндеу бойынша терминдер сәздігі)

ҚР СТ EN 10216-4-2015

EN 10168:2004, Steel products - Inspection documents - List of information and description (Болаттан дайындалған бұйымдар- Тексеріс әткізу бойынша құжаттама - Деректер тізбесіжәне сипаттамасы)

EN 10204:2004, Metallic products - Types of inspection documents (Металл бұйымдар - Тексеріс әткізу бойынша құжаттар типтері)

EN 10220, Seamless and welded steel tubes - Dimensions and masses per unit length (Жіксіз және дәнекерленген болат құбырлар - Ұзындық бірлігінің әлшемдері және массасы)

EN 10266, Steel tubes, fittings and structural hollow sections - Symbols and definitions of terms for use in product standards (Болат құбырлар, фитингтер және құрылымдық қуыс профильдер - Әнімге берілген стандарттарда қолдануға арналған белгілеулер мен анықтамалар)

CEN/TR 10261, Iron and steel - Review of available methods of chemical analysis (Темір және болат - Химиялық талдаудың қолжетімді әдістеріне шолу жасау)

EN ISO 148-1:2010, Metallic materials - Charpy pendulum impact test - Part 1: Test method (ISO 148-1:2009) (Металл материалдар - Маятникті коперде Шарпи бойынша соққыға сынау - 1 бәлім: Сынау әдісі (ISO 148-1:2009))

EN ISO 377:2013, Steel and steel products - Location and preparation of samples and test pieces for mechanical testing (ISO 377:2013) (Болат және болаттан дайындалған бұйымдар - Механикалық сынауларға арналған үлгілерді және сынау үлгілерін орналастыру және дайындау (ISO 377:2013))

ISO 2566-1, Steel - Conversion of elongation values – Part 1: Carbon and low-alloy steels (ISO 2566-1) (Болат - Ұзарту мәндерін түрлендіру– 1 бәлім: Кәміртексті және аз легирленген болаттар (ISO 2566-1))

EN ISO 6892-1:2009, Metallic materials - Tensile testing - Part 1: Method of test at room temperature (ISO 6892-1:2009) (Металл материалдар - Созылуға сынау– 1 бәлім: Бәлме температурасы кезіндегі сынау әдісі (ISO 6892-1:2009))

ISO 8492:2004, Metallic materials - Tube - Flattening test (ISO 8492:1998) (Металл материалдар - Құбыр - Жалпаюға сынау (ISO 8492:1998))

EN ISO 8493:2004, Metallic materials - Tube - Drift expanding test (ISO 8493:1998) (Металл материалдар - Құбыр–Кеңейтуге сынау (ISO 8493:1998))

EN ISO 8495:2004, Metallic materials - Tube - Ring expanding test (ISO 8495:1998) (Металл материалдар - Құбыр - Сақинаны жаншып қақтауға сынау (ISO 8495:1998))

EN ISO 8496:2004, Metallic materials - Tube - Ring tensile test (ISO 8496:1998) (Металл материалдар - Құбыр - Сақинаны созылуға сынау (ISO 8496:1998))

EN ISO 10893-1, Non-destructive testing of steel tubes - Part 1: Automated electromagnetic testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) steel tubes for the verification of hydraulic leak-tightness (ISO 10893-1) (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы - 1 бәлім: Герметикалықты анықтау

үшін болат жіксіз және дәнекерленген құбырларды автоматты электр магниттік бақылау (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда(10893-1))

EN ISO 10893-3, Non-destructive testing of steel tubes - Part 3: Automated full peripheral flux leakage testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) ferromagnetic steel tubes for the detection of longitudinal and/or transverse imperfections (ISO 10893-3) (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы - 3 бөлім: Бойлық және/немесе кәлденең ақауларды анықтау үшін ферромагнитті болаттан дайындалған жіксіз және дәнекерленген құбырлардың барлық шеңбері бойынша магнит ағынын пашырату әдісімен автоматты бақылау (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда(ISO 10893-3))

EN ISO 10893-8, Non-destructive testing of steel tubes - Part 8: Automated ultrasonic testing of seamless and welded steel tubes for the detection of laminar imperfections (ISO 10893-8) (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы - 8 бөлім. Ламинарлық ақауларды анықтау үшін жіксіз және дәнекерленген болат құбырларды автоматты ультрадыбыстық бақылау (ISO 10893-8))

EN ISO 10893-10, Non-destructive testing of steel tubes - Part 10: Automated full peripheral ultrasonic testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) steel tubes for the detection of longitudinal and/or transverse imperfections (ISO 10893-10) (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы - 10 бөлім: Бойлық және/немесе кәлденең ақауларды анықтау үшін жіксіз және дәнекерленген болат құбырлардың бүкіл шеңбері бойынша автоматты ультрадыбыстық бақылау (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда (ISO 10893-10))

EN ISO 14284:2002, Steel and iron - Sampling and preparation of samples for the determination of chemical composition (ISO 14284) (Болат және шойын - Химиялық құрамын анықтау үшін үлгілерді іріктеу және дайындау (ISO 14284)

ISO 11484:2009, Steel products - Employer's qualification system for non-destructive testing (NDT) personnel (Болат бұйымдар - Жұмыс берушінің персонал үшін ұсынған бұзылмайтын бақылау бойынша біліктілік жүйесі).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта EN 10020, EN 10021, EN 10052, EN 10266 келтірілген анықтамаларға қосымша, сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады.

3.1 Сынақ түрлері (Test category): Сәйкестікті бағалаудың және сынаудың дәрежесі мен деңгейін көрсететін сыныптау.

3.2 Жұмыс беруші (Employer): Субъект тұрақты негізде жұмыс істейтін ұйым.

Ескертпе - жұмыс беруші ретінде құбырларды әндіруші, сондай-ақ жеткізуші, сонымен қатар бұзылмайтын сынақтарды өткізетін үшінші тарап болуы мүмкін.

4 Белгілеулер

Осы құжатта EN 10266 келтірілгеннен бөлек, келесі белгілеулер қолданылады:

— СК сынақ категориясы

5 Жіктеу және таңбалау

5.1 Жіктеу

EN 10020 жіктеу жүйесіне сәйкес P 215NL, P 255QL және P265NL маркалы болаттар легирленбеген сапалы болаттарға жатады, ал қалған болат маркалары – жоғары сапалы легирленген болаттарға жатады.

5.2 Белгілеу

5.2.1 Осы құжатта қарастырылатын құбырлар үшін, болат маркасының белгілеуі мыналарда тұрады:

—EN 10216 осы Бөлімінің нөмірі; сондай-ақ

—EN 10027-1 сәйкес болат маркасының атауы; немесе

—EN 10027-2 сәйкес белгіленген болат нөмірі.

5.2.2 Легирленбеген болат маркаларының атауы былай белгіленеді:

—Р бас әрпімен - қысымды;

—Мпа-мен белгіленген, бөлме температурасындағы аққыштықтың белгіленген минималды шегінің көрсетілуімен (4 кестені қараңыз);

— болатың қарастырылып отырған маркасы үшін термиялық әңдеу белгісімен (1 кестені қараңыз);

—Ләрпімен - төмен температуралар.

5.2.3 Легирленген болат маркаларының атауы химиялық құраммен (2 кестені қараңыз) және термиялық әңдеу белгілерімен белгіленеді, егер олар 1 кестенің 1 бағанында және А ескертпесінде көрсетілсе.

6 Сатып алушы пұынатын деректер

6.1 Міндетті деректер

Сатып алушы сұрау салу және тапсырыс орналастыру кезеңінде келесі ақпаратты ұсынуы қажет:

а) мөлшері (массасы немесе жалпы ұзындығы немесе саны);

б) «құбыр» термині;

с) әлшемдері (сыртқы диаметр D және қабырға қалыңдығы T) (6 кестені қараңыз);

д) EN 10216 осы Бөліміне сәйкес болат маркасының белгіленуі (5.2 қараңыз);

е) легирленбеген болаттың сынақ категориясы (9.3 қараңыз).

6.2 Опциялар

Опциялар саны осы стандартта анықталған және төменде тізіп кәрсетілген. Егер сатып алушы сұраған немесе тапсырыс берге сәтте опциялардың қайсібірін орындауды талап етпесе, құбырлар базалық ерекшелікке сәйкес жеткізіледі (6.1 қараңыз).

- 1) Суық әндеу (7.2.2 қараңыз);
- 2) мыс пен қалайы құрамын шектеу (2 кестені қараңыз);
- 3) әнімді талдау (8.2.2 қараңыз);
- 4) герметикалыққа тексеру үшін сынау әдісін тандау (8.4.2.1 қараңыз);
- 5) кәлденең ақауларды анықтау үшін сынаулардың екінші категориясындағы құбырлар үшін бұзылмайтын бақылау (8.4.2.2 қараңыз);
- 6) ламинарлық ақауларды анықтау үшін сынаулардың екінші категориясындағы құбырлар үшін бұзылмайтын бақылау (8.4.2.2 қараңыз);
- 7) бүйіржақтарды ерекше дайындау (8.6 қараңыз);
- 8) дәл ұзындық (8.7.3 қараңыз);
- 9) стандарттық құжатты есепке алмағанда тексеру актісі 3.2 (9.2.1 қараңыз);
- 10) герметикалыққа гидростатикалық сынау үшін сынау қысымы (11.8.1 қараңыз);
- 11) бүйіржақтардан алыс орналасқан қабырға қалыңдығын әлшеу (11.9 қараңыз);
- 12) бұзылмайтын бақылау әдісі (11.11.1 қараңыз);
- 13) қосымша таңбалау (12.2 қараңыз);
- 14) қорғау (13 қараңыз).

6.3 Тапсырыс мысалы

EN 10216-4 сәйкес сыртқы диаметрі 168,3 мм, қабырғасының қалыңдығы 4,5 мм болатын, P265NL маркалы болаттан дайындалған, EN 10204 сәйкес 3.2 тексеріс актісі бар, бірінші категориялы сынақтың 50 т жіксіз құбырлары:

Мысал - 50 т құбыр - 168,3 x 4,5 - EN 10216-4 - P265NL - CK1 - 9: 3.2 Опция

7 Дайындау процесі

7.1 Болатты өндіру процесі

Болат өндіру процесі, жеке қолданылмайтын мартен процесін (Siemens-Martin) есепке алмағанда, өндірушінің қарауына қарай таңдалады, бірақ тек қана болат өндірудің қайталама процесімен немесе шәміште тазалау процесімен үйлесімділікте ғана таңдалуы тиіс.

Болаттар толығымен қышқылсыздандырылуы тиіс.

Ескертпе - Қайнап тұрған және жартылай тынық болаттарды қолдануға болмайды.

7.2 Құбырларды дайындау және жеткізу шарттары

7.2.1 Бұзылмайтын бақылаудың барлық іс-шараларын уәкілетті тапсырыс берушінің 1, 2 және/немесе 3 құзыреттік деңгейіндегі білікті персоналы өткізуі қажет.

Персоналдың біліктілігі - ISO 11484 сәйкес немесе, кем дегенде, ұқсас стандартқа сәйкес.

3 біліктілік деңгейіндегі персоналды EN ISO 9712 сәйкес немесе ұқсас стандартқа сәйкес аттестаттау ұсынылады.

Жұмыстар жүргізуге рұқсатты жазбаша регламент негізінде тапсырыс беруші беруі тиіс.

Бұзылмайтын бақылау іс-шаралары жұмыс берушімен жіберілген, 3-ші біліктілік деңгейіндегі тұлғамен бекітілуі тиіс.

Ескертпе - 1, 2 және 3 деңгейлерін анықтау сәйкес стандарттарда, оның ішінде EN ISO 9712 және ISO 11484 стандарттарында жүреді.

7.2.2 Құбырлар жіксіз тәсілмен дайындалуы қажет.

Егер опция 1 көрсетілмесе, құбырлар әндірушінің қарауы бойынша ыстық немесе суық әңделуі мүмкін. «Ыстық әңдеу» және «суық әңдеу» терминдері 7.2.3 сәйкес, құбырларды термиялық әндегенге дейінгі оның күйіне қатысты қолданылады.

Опция 1: Құбырлар термиялық өңдеу алдында суық өңделеді.

7.2.3 Құбырлар 1 кестеде көрсетілген, термиялық әндеудің тиісті күйінде жеткізіледі.

1-кесте — Жеткізілім шарттары

Болат маркасы		Термиялық әңдеу ^{a6}	Тұрақтан-дыру тем-пературасы, °C	Жұмсарту тем-пературасы, °C	Суару және жұмсарту		
Болат маркасының атауы	Болат нөмірі				Суару температура, °C	Суытқыш орта ^c	Жұмсарту температура-сы, °C
P215NL	1.0451	+N	900 ден 940 дейін	--	--	--	--
P255QL	1.0452	+QT	--	--	890 нан 930 дейін	Су немесе май	600 - 680
P265NL	1.0453	+N	880 ден 940 дейін	--	--	--	--
26CrMo4-2	1.7219	+QT	--	--	830 дан 860 дейін	Су немесе май	600 - 680
11 MnNi5-3	1.6212	+ N ^d	890 нан 940 дейін	(580 нен 640 дейін)	--	--	--
13 MnNi6-3	1.6217	+N ^d	890 нан 940 дейін	(580нен 640 дейін)	--	--	--
12Ni14	1.5637	+NT	830 дан 880 дейін	580 нен 640 дейін	--	--	--
		+QT	--	--	820 дан 880 дейін	Су немесе май	580 нен 660 дейін
X12Ni5	1.5680	+NT	800 ден 850 дейін	580 нен 640 дейін	--	--	--
		+QT	--	--	800 ден 850 дейін	Су немесе май	580 нен 660 дейін

1-кестенің соңы

X10Ni9	1.5682	+N+NT	880 нен 915 дейін + 775 тен 805 дейін	565 тен 605 дейін ^е	-	--	--
		+QT ^г	880 нен 930 дейін	--	770 ден 820 дейін	су немесе май	540 тан 600 дейін

^а Н = Тұрақтандыру; ЗО = Суару және жұмсарту; НО = Тұрақтандыру және жұмсарту.

^бЕгер болаттың бір маркасы үшін термиялық әндеудің екі әдісі кәрсетілсе, олардың нақтысын қолдану қабырғаның қалыңдығына және құбыр қабырғасының қалыңдығының сыртқы диаметрге қатынасына байланысты болады. Шешімді әндіруші қабылдайды және ол, тексеріс жүргізу туралы құжатта кәрсетіледі.

^вСуытқыш ортаны таңдаған кезде басқа параметрлердің (мысалы әлшемдер және суару температурасы) жарылулардың түзілу қасиеттері мен бейімділігіне әсерін ескеру қажет. Сондай-ақ өзге суыту орталарын, мәселен синтетикалық суыту орталарын қолдануға болады.

^гКейбір жағдайларда тұрақтандырылғаннан кейін босандату қажет болуы мүмкін; шешім әндірушінің қарауына қарай қабылданады және сатып алушыға сұрау салу және тапсырыс орналастыру кезінде хабарланады. Мұндай түрде әнделген құбырлардың болат маркаларының белгілеуінде, қосымша түрде «+NT» символы кәрсетулі тиіс.

^д Тынық ауада суыту немесе жылдамдатылған суыту.

^е Аталған марка үшін, температуралардың кәрсетілген диапазонында қосымша алдын-ала тұрақтандыру қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайда әндіруші сатып алушыны хабардар етуі қажет.

8 Талаптар

8.1 Жалпы талаптар

7.2 жеткізілім шарттарына сәйкес жеткізу кезінде және 9, 10 және 11 баптарына сәйкес тексеру кезінде құбырлар EN 10216 осы Бөлімінің талаптарына сәйкес келулері қажет.

Бұдан бөлек, EN 10021 келтірілген, жеткізілімге қойылатын жалпы техникалық талаптар қолданылады.

Құбырлар иілтуді тиісті түрде орындаған жағдайда, ыстық және суық иілту үшін жарамды болуы қажет.

8.2 Химиялық құрамы

8.2.1 Балқыманы талдау

Болат әндірушімен хабарланған балқыманы талдау, 2 кесте талаптарына сәйкес келіп қолданылуы тиіс.

Егер дәнекерленген құбырлар EN 10216 осы бөліміне сәйкес әндірілсе, болаттың дәнекерлеу кезіндегі және дәнекерлеуден кейінгі өзін кәрсетуі болаттың өзіне ғана байланысты емес, сонымен қатар термиялық әндеуге және дәнекерлеуді дайындау және өткізу шарттарына да байланысты болатындығын ескеру қажет.

8.2.2 Әнімді талдау

Опция 3: Құбырларға арналған өнімнің талдауын ұсыну.

3 кестеде өнімнің талдауының 2 кестеде келтірілген, балқыманы талдаудың кәрсетілген шектерінен рұқсаттық ауытқулары келтірілген.

∞

2-кесте — Химиялық құрамы (балқыманы талдау) ^a, пайызбен масса бойынша

Болат маркасы		C	Si	Mn	P Макс.	S Макс.	Cr	Ni	Mo	Al ^{жалтыр} Мин.	Cu ^c Макс.	Nb Макс.	Ti Макс.	V Макс.
Болат маркасының атауы	Болат нөмірі													
P215NL	1.0451	≤ 0,15	≤ 0,35	0,40- 1,20	0,025	0,010	≤ 0,30	≤ 0,30	≤ 0,08	0,020	0,30	0,010	0,040	0,02
P255QL	1.0452	≤ 0,17	≤ 0,35	0,40 -1,20	0,025	0,010	≤ 0,30	≤ 0,30	≤ 0,08	0,020	0,30	0,010	0,040	0,02
P265NL	1.0453	≤ 0,20	≤ 0,40	0,60 -1,40	0,025	0,010	≤ 0,30	≤ 0,30	≤ 0,08	0,020	0,30	0,010	0,040	0,02
26CrMo4-2	1.7219	0,22 - 0,29	≤ 0,35	0,50 -0,80	0,025	0,010	0,90 -1,20	--	0,15 -0,30	--	0,30	--	--	--
11MnNi5-3	1.6212	≤ 0,14	≤ 0,50	0,70 -1,50	0,025	0,010	--	0,30 ^d - 0,80	--	0,020	0,30	0,05	--	0,05
13MnNi6-3	1.6217	≤ 0,16	≤ 0,50	0,85 -1,70	0,025	0,010	--	0,30 ^d -0,85	--	0,020	0,30	0,05	--	0,05
12Ni14	1.5637	≤ 0,15	0,15 - 0,35	0,30 -0,80	0,025	0,005	--	3,25 -3,75	--	--	0,30	--	--	0,05
X12Ni5	1.5680	≤ 0,15	≤ 0,35	0,30 -0,80	0,020	0,005	--	4,5 -5,3	--	--	0,30	--	--	0,05
X10Ni9	1.5682	≤ 0,13	0,15 -0,35	0,30 -0,80	0,020	0,005	--	8,5 - 9,5	≤ 0,10	--	0,30	--	--	0,05

^aАталған кестеде келтірілмеген элементтер, балқытуды аяқтау үшін элементтер қосуды есепке алмағанда, сатып алушымен келісімсіз болатқа арнайы қосылмауы тиіс. Сынықтардан дайындалған орынсыз элементтердің және болатты дайындау барысында пайдаланылған басқа да материалдардың қосылуын болдырмас үшін, барлық тиісті шаралар қабылдануы қажет.

^bСатып алушы мен әндірушінің арасындағы уағдаластық бойынша, алюминий, ұқсас әрекеттегі басқа элементпен ауыстырылуы мүмкін.

^c**Опция 2:** Кезекті қалыпқа құюды жеңілдету үшін, көрсетілгеннен төмен болатын мыстың келісілген максималды құрамын, және қалайының келісілген максималды құрамын ұстану қажет.

^dНикель құрамының төменгі шегі, қабырғасының қалыңдығы 10 мм-ден аспайтын құбырлар үшін 0,15%-дан кем болмайтын шамаға дейін азайтылуы мүмкін.

3-кесте — Әнімді талдаудың, 2-кестеде келтірілген балқыманы талдаудың көрсетілген шектерінен рұқсат етілген ауытқулары

Элемент	2 кестеге сәйкес балқыма талдауының шекті мәні, масса бойынша пайызбен алынған	Әнім талдауының рұқсат етілген ауытқуы, масса бойынша пайызбен алынған
C	$\leq 0,29$	$\pm 0,02$
Si	$\leq 0,40$	$\pm 0,05$
	$> 0,40$ бастап $\leq 0,50$ дейін	$+ 0,06$
Mn	$\leq 1,70$	$+ 0,10 - 0,05$
P	$\leq 0,025$	$+ 0,005$
S	$\leq 0,015$	$+ 0,003$
	$> 0,015$ бастап $\leq 0,020$ дейін	$+ 0,005$
Al	$> 0,020$	$- 0,005$
Cr	$\leq 1,20$	$\pm 0,10$
Cu	$\leq 0,30$	$+ 0,05$
Mo	$\leq 0,30$	$\pm 0,05$
Nb	$\leq 0,05$	$+ 0,005$
Ni	$\leq 0,85$	$\pm 0,05$
	$> 0,85$ бастап $\leq 3,75$ дейін	$\pm 0,07$
	$> 3,75$ бастап $\leq 5,3$ дейін	$\pm 0,10$
	$> 5,3$ бастап $\leq 9,5$ дейін	$\pm 0,15$
Ti	$\leq 0,040$	$+ 0,01$
V	$\leq 0,05$	$+ 0,01$

8.3 Механикалық қасиеттері

Құбырлардың механикалық қасиеттері, олардың тексерілгендігіне немесе тексерілмегендігіне қарамастан, 4 кестенің, 5 кестенің және 11.3-11.7 тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келулері тиіс (10 кестені қараңыз).

4-кесте — Қабырғаларының қалыңдығы қоса алғанда 40 мм дейін болатын құбырлар үшін бәлме температурасы кезіндегі механикалық қасиеттер

Болат маркасы		Соғу кезіндегі қасиеттері			
Болат маркасының атауы	Болат нәмірі	Аққыштықтың жоғарғы шегінемесе аққыштықтың шартты шегі R_{eH} немесе $R_{p0,2}$ мин.	Соғу кезіндегі беріктік шегі R_m	Ұзарту A мин. % ^a	
		МПа *	МПа *	l	t
P215NL	1.0451	215 ^b	360 бастап 480 дейін	25	23
P255QL	1.0452	255	360 бастап 490 дейін	23	21
P265NL	1.0453	265 ^c	410 бастап 570 дейін	24	22
26CrMo4-2	1.7219	440	560 бастап 740 дейін	18	16
11MnNi5-3	1.6212	285	410 бастап 530 дейін	24	22
13MnNi6-3	1.6217	355	490 бастап 610 дейін	22	20
12Ni14	1.5637	345	440 бастап 620 дейін	22	20
X12Ni5	1.5680	390	510 бастап 710 дейін	21	19
X10Ni9	1.5682	510	690 бастап 840 дейін	20	18

^al = бойлық бағыттағы, t = көлденең бағыттағы

^bҚабырғаларының қалыңдығы ≤ 10 мм болатын құбырлар үшін.

^cҚабырғаларының қалыңдығы ≤ 25 мм болатын құбырлар үшін.

* 1 МПа = 1 Н/мм²

5-кесте — Сокқының минималды энергиясы

Болат маркасы		Қабырға қалыңдығы T	Сынау үлгілерін құбыр өсіне қатысты бағыттау	Температура °C кезіндегі сокқының минималды орташа энергиясы KV_2 Дж									
Болат маркасының атауы	Болат нәмірі	мм		-196	-120	-110	-100	-90	-60	-50	-40	-20	+20
P215NL	1.0451	≤ 10	Бойлық	-	-	-	-	-	-	-	40	45	55
P255QL	1.0452	≤ 25	Бойлық	-	-	-	-	-	-	40	45	50	60
			Кәлденең	-	-	-	-	-	-	27	30	35	40
		> 25 бастап ≤ 40 дейін	Бойлық	-	-	-	-	-	-	-	40	45	55
			Кәлденең	-	-	-	-	-	-	-	27	30	35
P265NL	1.0453	≤ 25	Бойлық	-	-	-	-	-	-	-	40	45	50
			Кәлденең	-	-	-	-	-	-	-	27	30	35
26CrMo4-2	1.7219	≤ 40	Бойлық	-	-	-	-	-	40	40	45	50	60
			Кәлденең	-	-	-	-	-	27	27	30	35	40
11MnNi5-3	1.6212	≤ 40	Бойлық	-	-	-	-	-	40	45	50	55	70
13MnNi6-3	1.6217		Кәлденең	-	-	-	-	-	27	30	35	40	45
12Ni14	1.5637	≤ 25	Бойлық	-	-	-	40	45	50	55	55	60	65
			Кәлденең	-	-	-	27	30	35	35	40	45	45
		> 25 бастап ≤ 40 дейін	Бойлық	-	-	-	-	40	45	50	50	55	65
			Кәлденең	-	-	-	-	27	30	30	35	40	45
X12Ni5	1.5680	≤ 25	Бойлық	-	40	45	50	55	65	65	65	70	70
			Кәлденең	-	27	30	30	35	45	45	45	50	50
		> 25 бастап ≤ 40 дейін	Бойлық	-		40	45	50	60	65	65	65	70
			Кәлденең	-		27	30	30	40	45	45	45	50
X10Ni9	1.5682	≤ 40	Бойлық	40	50	50	60	60	70	70	70	70	70
			Кәлденең	27	35	35	40	40	50	50	50	50	50

8.4 Сыртқы түрі және ішкі ақаулардың болмауы

8.4.1 Сыртқы түрі

8.4.1.1 Құбырларда визуальды тексеріп-қарау кезінде анықталатын, сыртқы және ішкі беттердің ақаулары болмауы тиіс.

8.4.1.2 Құбырлардың ішкі және сыртқы беттерінің әнделуі аталған әндіріс процесі үшін және қолданылған термиялық әндеу үшін типтік болуы тиіс. Әдетте, беттің әнделуі мен күйі беттің кез-келген ақауларының немесе тазартуды қажет ететін кертілген таңбалардың анықталуына ықпал етуі тиіс.

8.4.1.3 Беттің ақауларын тазартуға тегістеу және механикалық әндеу арқылы ғана жол беріледі, бұл ретте ол орындалғаннан кейін, тазартылған учаскедегі қабырғалардың қалыңдығы қабырғалардың кәрсетілген минималды қалыңдығынан төмен болмау шарты орындалуы тиіс. Барлық тазартылған учаскелер құбыр контурына бірқалыпты ауысуы қажет.

8.4.1.4 Тереңдігі қабырғалар қалыңдығынан T 5%-дан немесе 3 мм-ден артық болатын (бұл шамалардың қайсысының төмен болуына байланысты) кез-келген беттік ақау тазартылуы тиіс.

Аталған талап, тереңдігі 0,3 мм-ден төмен немесе оған тең болатын беттік ақауларға қолданылмайды.

8.4.1.5 Қабырғалардың кәрсетілген минималды қалыңдығының шектерінен шығатын беттік ақаулар, ақаулар болып танылады, және ондай ақаулары бар құбырлар EN 10216 осы Бәліміне сәйкес келмейтін деп танылулары тиіс.

8.4.2 Ішкі ақаулардың болмауы

8.4.2.1 Герметикалық

Герметикалыққа тексеру үшін құбырлар гидростатикалық (11.8.1 қараңыз) немесе электр магниттік сынаудан өтулері тиіс (11.8.2 қараңыз).

Сынау әдісін таңдау - егер опция 4 кәрсетілмесе, әндірушінің қарауында болады.

Опция 4: Герметикалыққа тексеруге арналған сынау әдісі 11.8.1 немесе 11.8.2 тармақшаларына сәйкес сатып алушымен көрсетіледі.

8.4.2.2 Бұзылмайтын бақылау

Екінші сынау категорияларының құбырлары 11.11.1 сәйкес бойлық ақауларды анықтау үшін, бұзылмайтын бақылаудан өтеді.

Опция 5: Екінші сынау категорияларының құбырлары 11.11.2 сәйкес көлденең ақауларды анықтау үшін, бұзылмайтын бақылаудан өтеді.

Опция 6: Екінші сынау категорияларының құбырлары 11.11.3 сәйкес ламинарлық ақауларды анықтау үшін, бұзылмайтын бақылаудан өтеді.


8.5 Түзу сызықтылық

Ұзындығы L болатын кез-келген құбырдың түзу сызықтылықтан ауытқуы $0,0015 L$ шамасынан артық болмауы тиіс. Ұзындықтың әр метрінде түзу сызықтылықтан ауытқу 3 мм-ден аспауы тиіс

8.6 Бүйіржақтарды дайындау

Құбырлар тік бұрыштап кесілген бүйіржақтармен жеткізілуі тиіс. Бүйіржақтарда тым көп қайырылулар болмауы тиіс.

Опция 7: Құбырлар бүйіржақтары қисайған болып жеткізіледі (1 суретті қараңыз). Қисаюдың, мұқалған жиегі C ($1,6 \pm 0,8$) мм, бұрышы $\alpha 30^\circ \pm 5^\circ$ теңболуы тиіс, бұл ретте қабырғаларының қалыңдығы T 20 мм-ден асатын құбырлар үшін, баламалық қисаю көрсетілуі мүмкін.



D - сыртқы диаметр
 α - жиектің қисаю бұрышы
 C - қисайған бүйіржақтың мұқалуы

1-сурет — Құбыр бүйіржағының қисаюы

8.7 Әлшемдер, массалар және ұқсаттық шектер

8.7.1 Құбыр қабырғасының диаметрі мен қалыңдығы

Жеткізілетін құбырлар үшін сыртқы диаметр D және қабырға қалыңдығы көрсетілуі тиіс.

Сыртқы диаметрдің D және қабырғалар қалыңдығының T қолайлы мәндері EN 10220 сәйкес таңдалды және 6 кестеде келтірілген.

6 кестеде көрсетілмеген әлшемдер, сондай-ақ келісілуі мүмкін.

8.7.2 Масса

Ұзындық бірлігіне кететін масса EN 10220 ережелеріне сәйкес анықталады.

6-кесте — Қолайлы әлшемдер

Әлшемдер мм-мен

Сыртқы диаметр D Серия ^а			Қабырға қалыңдығы Т																			
1	2	3	1,6	1,8	2	2,3	2,6	2,9	3,2	3,6	4	4,5	5	5,6	6,3	7,1	8	8,8	10	11	12,5	14,2
10,2																						
	12																					
	12,7																					
13,5																						
		14																				
	16																					
17,2																						
		18																				
	19																					
	20																					
21,3																						
		22																				
	25																					
		25,4																				
26,9																						
		30																				
	31,8																					
	32																					
33,7																						
		35																				
	38																					
	40																					
42,4																						
		44,5																				
48,3																						
	51																					
		54																				
	57																					
60,3																						
	63,5																					
	70																					
		73																				
76,1																						
		82,5																				
88,9																						
	101,6																					
		108																				
114,3																						
	127																					
	133																					
139,7																						
		141,3																				
		152,4																				
		159																				
168,3																						
		177,8																				
		193,7																				
219,1																						
		244,5																				
273																						
323,9																						
355,6																						
406,4																						
457																						
508																						
		559																				
610																						
		660																				
711																						
^а Серия 1 = құбыр жүйесінің құрылысына қажетті барлық толымдаушылар стандартталған диаметрлер; Серия 2 =толымдаушылардың барлығы стандартталмаған диаметрлер; Серия 3 = стандартталған толымдаушылары әте аз болатын, арнайы қодануға арналған диаметрлер.																						

Сыртқы диаметр D Серия ^a			Қабырға қалыңдығы Т																		
1	2	3	16	17,5	20	22,2	25	28	30	32	36	40	45	50	55	60	65	70	80	90	100
10,2																					
	12																				
	12,7																				
13,5																					
		14																			
	16																				
17,2																					
		18																			
	19																				
	20																				
21,3																					
		22																			
	25																				
		25,4																			
26,9																					
		30																			
	31,8																				
	32																				
33,7																					
		35																			
	38																				
	40																				
42,4																					
		44,5																			
48,3																					
	51																				
		54																			
	57																				
60,3																					
	63,5																				
	70																				
		73																			
76,1																					
		82,5																			
88,9																					
	101,6																				
		108																			
114,3																					
	127																				
	133																				
139,7																					
		141,3																			
		152,4																			
		159																			
168,3																					
		177,8																			
		193,7																			
219,1																					
		244,5																			
273																					
323,9																					
355,6																					
406,4																					
457																					
508																					
		559																			
610																					
		660																			
711																					
^a Серия 1 = құбыр жүйесінің құрылысына қажетті барлық толымдаушылар стандартталған диаметрлер; Серия 2 = толымдаушылардың барлығы стандартталмаған диаметрлер; Серия 3 = стандартталған толымдаушылары өте аз болатын, арнайы қодануға арналған диаметрлер.																					

8.7.3 Пындық

Егер опция 8 көрсетілмесе, жеткізілетін құбырлар кездейсоқ ұзындықтарға ие болады. Ұзындықтар диапазоны сұрау салу және тапсырыс беру кезінде келісіледі.

Опция 8: Жеткізілетін құбырлардың ұзындықтары, сұрау салу және тапсырыс орналастыру кезінде көрсетілетін дәл ұзындықта болуы тиіс. Рұқсаттық шектерді 8.7.4.2 тармақшасынан қараңыз.

8.7.4 Рұқсаттық шектер

8.7.4.1 Диаметр мен қалыңдық бойынша рұқсаттық шектер

Құбырлардың диаметрі мен қабырғаларының қалыңдығы, 7 кестеде немесе 8 кестеде келтірілген тиісті рұқсаттық шектердің шегінен шықпауы тиіс.

Дәнгелек пішіннен ауытқу, диаметр бойынша рұқсаттық шекке, ал ортақ осьтен ауытқу – қабырғалар қалыңдығы бойынша рұқсаттық шекке кіргізілген.

7-кесте — Сыртқы диаметр және қабырғалар қалыңдығы бойынша рұқсаттық шектер

Сыртқы диаметр D мм	D бойынша рұқсаттық шектер	T/D қатынасы үшін T бойынша рұқсаттық шектер			
		$\leq 0,025$	$> 0,025 \leq 0,050$	$> 0,050 \leq 0,10$	$> 0,10$
$D \leq 219,1$	$\pm 1\%$ немесе $\pm 0,5$ мм, бұл шамалардың қайсысының артық болуына қарай	$\pm 12,5\%$ немесе $\pm 0,4$ мм, бұл шамалардың қайсысының артық болуына қарай			
$D > 219,1$		$\pm 20\%$	$\pm 15\%$	$\pm 12,5\%$	$\pm 10\%$ a

a Сыртқы диаметрлер үшін $D \geq 355,6$ мм қабырғалар қалыңдығының жоғарғы шектерінің қабырғалар қалыңдығынан T қосымша 5%-ға локальдық артық болуына жол беріледі.

8-кесте — Суық әңделетін құбырлар үшін сыртқы диаметр мен қабырғалар қалыңдығының рұқсаттық шектері

D бойынша рұқсаттық шек	T бойынша рұқсаттық шек
$\pm 0,5\%$ немесе $\pm 0,3$ мм, бұл шамалардың қайсысының артық болуына қарай	$\pm 10\%$ немесе $\pm 0,2$ мм, бұл шамалардың қайсысының артық болуына қарай

8.7.4.2 Дәл пындық бойынша рұқсаттық шектер

Дәл ұзындық бойынша белгіленген рұқсаттық шектер 9 кестеде келтірілген.

9-кесте — Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер

Өлшемдер миллиметрмен

Ұзындық L	Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер
$L \leq 6\,000$	+10 0
$6\,000 < L \leq 12\,000$	+15 0
$L > 12\,000$	+ тараптардың келісімі бойынша 0

9 Тексеру

9.1 Тексеру типтері

EN 10216 осы Бәліміне сәйкес дайындалатын құбырлар үшін, тапсырыс талаптарына сәйкестікті орнату үшін арнайы тексеру жүргізілуі тиіс.

Тексеру актісін 3.1 көрсеткен кезде материалдарды өндіруші тапсырысты растау барысында, өзінің, елді мекеннің құзыретті органымен аттестатталған «сапаны қамтамасыз ету жүйесіне» сәйкес әрекет етіп жатқандығын және материалдарға арнайы бағалау өткізу фактісін көрсетуі тиіс.

Ескертпе - 97/23/ЕО ЕО Директивасын, I қосымшасын, 4.3 тарауын үшінші параграфты қараңыз, ал оның түсіндірмесі бойынша қосымша ақпаратты Еуропалық одақпен қатысушы-мемлекеттер комиссиясының Басшылық нұсқауларынан қараңыз (мысалы, 7/2 және 7/16 Ережелерін қараңыз).

9.2 Тексеру өткізу бойынша құжаттама

9.2.1 Тексеру өткізу бойынша құжаттама типтері

Егер опция 13 көрсетілмесе, EN 10204 сәйкес 3.1 тексеру актісі шығарылуы тиіс.

9 Опция: EN 10204 сәйкес 3.2 тексеру актісін шығару.

3.2 тексеру актісін көрсеткен кезде, сатып алушы тексеру өткізуге және оның өткізілуі туралы құжаттарды ресімдеуге жауапты ұйымның немесе тұлғаның атауы мен мекенжайы туралы өндірушіні хабардар етуі тиіс. Тараптардың қайсысы актіні шығаратындығын анықтау қажет.

3.1 және 3.2 құжаттары өндірушінің уәкілетті өкілімен бекітілуі тиіс.

9.2.2 Тексеру өткізу туралы құжаттардың мазмұны

Тексеру өткізу туралы құжаттардың мазмұны - EN 10168 сәйкес.

Тексеру өткізу туралы құжаттардың барлық типтеріне жеткізілген өнімнің осы ТШ-ың және тапсырыстың талаптарына сәйкестігі туралы бекіту енгізілуі тиіс.

Тексеру өткізу туралы құжаттарда келесі шартты белгілеулер мен мәліметтер қамтылады:

— А коммерциялық операциялар және мүдделі тараптар;

—В тексеру әткізу туралы құжаттар қолданылатын, әнімнің сипаттамасы;

—C02-C03 сынау үлгілерінің бағыты және сынау температурасы;

—C10-C13 созылуға сынау;

—C40-C43 соққыға сынау, егер қолданылатын болса;

—C60-C69 басқа сынаулар;

—C71-C92 балқыма талдауындағы химиялық құрам (әнімді талдау, егер қолданылатын болса);

— D01 таңбалау және сәйкестендіру, беттің сыртқы түрі, пішіні мен габариттері;

—D02-D99 герметикалыққа сынау, бұзылмайтын бақылау, материалды сәйкестендіру, егер қолданылатын болса;

—Z аттестаттау.

3.1 тексеру актісіне қосымша, әндіруші актіде (9.1 қараңыз) тиісті «сапаны қамтамасыз ету жүйесіне» нормативтік сілтемелерді кәрсетеді, егер қолданылатын болса.

9.3 Тексеру және тексерістік сынақтар туралы есептеме

Легирленбеген болаттан дайындалған құбырлар сұрау салу және тапсырыс орналастыру кезінде кәрсетілген, 1 немесе 2 сынау категорияларына сәйкес тексерілуі және сыналуы тиіс (6.1 қараңыз).

Легирленген болаттан дайындалған құбырлар 2 сынау категориясына сәйкес тексерілуі және сыналуы тиіс (10 кестені қараңыз).

Тексеру және сынаулар туралы деректер 10 кестеде жинақталған.

10-кесте — Тексеру және тексерістік сынақтар туралы есептеме

Тексеру және сынау типі		Сынаулар әткізу жиілігі	Қараңыз	Сынаулар категориясы	
				1	2
Міндетті сынаулар	Балқыманы талдау	бір балқымаға бір сынау	8.2.1 - 11.1	X	X
	Орта температурасы кезінде созылуға сынау	құбырдың әр үлгісіне бір сынау	8.3 - 11.2.1	X	X
	$D \leq 600$ мм және T/D қатынасы $\leq 0,15$ құбырлар үшін жалпаюға сынау, бірақ бұл ретте $T \leq 40$ мм немесе $D > 150$ мм және $T \leq 40$ мм құбырлар үшін сақинаны созылуға сынау		8.3 - 11.3 - 11.4	X	X
	$D \leq 150$ мм және $T \leq 10$ мм құбырлар үшін кеңейтілуге сынау немесе $D \leq 114,3$ мм және $T \leq 12,5$ мм құбырлар үшін сақинаны жаншып қақтауға сынау		8.3 - 11.5 - 11.6	X	X
	Тәмен температура кезінде соққыға сынау		8.3 - 11.7	X	X
	Герметикалықты тексеру	әр құбыр	8.4.2. - 11.8	X	X
	Өлшемдерді бақылау	8.7 - 11.9		X	X
	Визуальды бақылау	11.10		X	X
	Бойлық ақауларды анықтау үшін бұзылмайтын бақылау	әр құбыр	8.4.2.2 - 11.11.1	--	X
	Легирленген болаттың материалдарын сәйкестендіру		11.12	X	X

10-кестенің соңы

Қосымша сынаулар	Әнімді талдау (Опция 3)	бір балқымаға бір сынау	8.2.2 - 11.1	X	X
	Бүйіржақтардан алыс жерде қабырға қалыңдығын өлшеу (Опция 11)	11.9 қараңыз		X	X
	Кәлденең ақауларды анықтау үшін бұзылмайтын бақылау(Опция 5)	әр құбыр	8.4.2.2 - 11.11.2	--	X
	Ламинарлық ақауларды анықтау үшін бұзылмайтын бақылау(Опция 6)		8.4.2.2 - 11.11.3	--	X
	Жалпаюға сынауды таңдау немесе сақинаны созытуға сынауды және кеңейтуге сынауды немесе сақинаны жаншып қақтауға сынауды таңдау - Әндірушінің қарауына қарай.				

10 Сынамаларды іріктеу

10.1 Сынауларды өткізу жиілігі

10.1.1 Сынау партиясы

Сынау партиясы, кәрсетілген диаметрі мен қабырғасының қалыңдығы бірдей болатын, болаттың бір маркасының, бір балқымадан дайындалған, дайындау процесі бірдей, өтпелі пеште толық әндеудің бір типі орындалған немесе камералы пештің бірдей жүктемесінде термиялық әнделген құбырлардан тұруы тиіс.

Сынау партиясындағы құбырлар саны - 11 кестеге сәйкес:

Дайындалатын ұзындықты жеке кесінділерге кескеннен кейін олар қосымша термиялық әндеуден өтпейтін болса, дайындалатын ұзындық (яғни прокаттың тұрақтандыру мен қалыпқа құядан кейінгі ұзындығы) жеткізілетін ұзындықтан өзгешеленуі мүмкін.

11-кесте — Сынау партиясындағы құбырлар саны

Сыртқы диаметр D, мм	Сынау партиясындағы құбырлардың макс. саны
